

«Адал Ұрпақ» қалалық мектеп ерікті клубтар слетін өткізу ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже 2019 жылы «Адал Ұрпақ» қалалық мектеп ерікті клубтар слетін өткізу тәртібі мен талаптарын (бұдан әрі - Слет) айқындайды.

1.2. Слетті өткізу күні мен орны: 2019 жылғы 16 қыркүйек, ҚБШМ, қалалық көркем сурет мектебі, қалалық музыкалық мектебі.

1.3 Слёт ұйымдастырушылары: «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» ММ.

1.4. Слетті өткізу мақсаты:

- «Адал Ұрпақ» мектеп ерікті клубтарының қызметін жандандыру;
- Балалар мен жастардың әлеуметтік-шығармашылық белсенділігін дамыту, өзін-өзі жетілдіру мен өзін-өзі дамытуға қажеттілік;
- Балалар мен жастардың азаматтық және құқықтық мәдениетінің деңгейін жетілдіру.

2. Слёт қатысушылары

2.1. Слётке Қостанай қаласының білім беру ұйымдарының 5-11-сынып оқушылары, «Адал Ұрпақ» мектеп ерікті клубтарының белсенділері қатыса алады.

2.2. Мектеп басшысының қолы қойылған қатысу өтінімдерін нысан бойынша (қоса беріледі) **2019 жылдың 7-қыркүйегіне дейін** «Адал Ұрпақ» слеті» деген белгісімен nugumanova@kst-goo.kz электрондық мекенжайына жолдау қажет, телефоны: 8(7142) 54-52-97.

3. Слетті өткізу шарттары

3.1. «Мен өз елімнің патриотымын!» суреттер конкурсы

Конкурсқа балалар көркемөнер мектептері мен өнер мектептерінің, сондай-ақ қосымша білім беретін көп бейінді ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептерінің оқушылары қатысады.

Конкурсқа мектептен 2-ден аспайтын, **А3 көлемдегі** жеке жұмыстар (ұжымдық жұмыстар қабылданбайды) қабылданады.

Барлық жұмыстар келісті рәсімделген, жұмыс авторының аты мен тегі (толық); жасы; жұмыстың атауы; орындау техникасы; білім беру ұйымының атауы, басшының Т.А.Ә. (толық, қысқартусыз) (қаріп - Times New Roman, мөлшері – 12, заттаңбаның көлемі – 9 см x 5 см) мемлекеттік және орыс тілінде көрсетілген заттаңбасы болуы тиіс. Заттаңбаны жұмысқа қоса беру (жапсырмау) қажет. Жұмыстың сыртқы жағында заттаңбаны қайталап жапсыру қажет. Жазықтық жұмыстарды жиектемеге салу қажет, тік орналастыру үшін бекіткіштері болуы керек.

Жұмыстарды көрме-конкурсқа **2019 жылдың 10-қыркүйегінен** кешіктірмей Қостанай қаласы, Байтұрсынов көшесі, 51 мекенжайы бойынша Қалалық көркем сурет мектебіне ұсыну қажет.

3.2. «Біздің Қазақстан» авторлық өлеңдер конкурсы.

Конкурсқа мектептен «Біздің Қазақстан!» тақырыбына 1 шығармадан аспайтындай авторлық өлеңі ұсынылып орындалады.

Өлеңге қойылатын талаптар:

- конкурсқа қазақ, орыс және (немесе) басқа тілдерде өлеңдер қабылданады. «Өңір атауы, өлеңнің аты» көрсетілген музыкалық фонограмма (минус) цифрлық тасығышта (flash card) болуы тиіс. Флеш тасығышта конкурстық шығармадан басқа ешқандай шығармалар болмау керек. Қатаң тыйым салынады: әртүрлі форматтағы «караоке» фонограммасын пайдалану, өлеңді «плюс» фонограммасымен орындау (негізгі вокалдык партиясына қосылып, конкурстық фонограммаға жазылған дауыс), жазылған (плюс) «бэк-вокал» партиялы фонограммасын пайдалану;

- өлеңнің мәтіні мен музыкасы позитивті, конкурс тақырыбына сай, патриоттық сипатта болуы керек;

- туынды қандай да бір музыкалық жанрда орындалуы мүмкін.

- бір туындының орындалу ұзақтығы – төрт минуттан көп емес.

- өлең бұрын коммерциялық түрде немесе БАҚ-та жарияланбаған болуы тиіс.

Өлеңдерді қазылар алқасының мүшелері ашық дауыс беру арқылы бағалайды.

Өлең жеке, дуэт немесе хор түрінде, сондай-ақ әртүрлі тәртіпте, мысалы бір куплеті жеке (дуэт, трио және т.б.), қайырмасы – хор түрінде орындалуы мүмкін.

3.3. «Құқықтық Қазақстан» әлеуметтік жобалар конкурсы

Конкурс келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) «Өз жылуыңмен бөліс».

Конкурсқа келесі бағыттар бойынша әлеуметтік жобалар ұсынылады:

- қарт адамдарға, халықтың әлеуметтік осал топтарының балаларына және басқа санаттарға көмек және қолдау көрсету;

- кәмелетке толмағандар арасында бейәлеуметтік мінез-құлық нысандарын алдын алу;

- халықтың әлеуметтік осал топтарының балаларының бейімделуі;

- балаларды дүлей апат салдарын еңсеруге және жазатайым оқиғаларды болдырмауға даярлау.

2) «Туған қалаға – игілікті істер».

Ұсынылған шығармашылық жобалар жаңа волонтерлік жасақтарды құруға және дамытуға, әлеуметтік маңызды істерді ұйымдастыруға, оның ішінде балаларды бос уақытын ұйымдастыру бойынша белсенді қызметке тартуға, салауатты өмір салтының идеяларын насихаттауға, бұқаралық спортты дамытуға бағытталуы тиіс.

3) «Мен – Қазақстанның азаматымын».

Ұсынылған шығармашылық жобалар:

Қазақстанда тұрып жатқан этностарының мәдени ерекшелігін сақтау барысында азаматтарды жалпы ұлттық рухани-мәдени құндылықтарға және қазақстандық қоғамның дәстүрлеріне тартуға;

Қазақ тілін, үш тілдің біртұтастығын дамытуға;

Отбасының адамгершілік негіздерін, оның тәрбиелік рөлін күшейтуге, жастар мен балаларда мәдени дәстүрлерге, тілге және Қазақстанда тұрып жатқан этностарының отбасылық құндылықтарына толеранттық және құрметпен қарауды нығайтуға бағытталуы тиіс.

4) «Менің кіші Отаным!».

Ұсынылған шығармашылық жобалар руханияттың жаңғыруына, ел Азаматы мен Патриотының өнегелік тұлғасын қалыптастыруға, «кіші Отанының» өткені мен бүгінгісін зерделеуге бағытталуы тиіс.

5) «Қазақстанның 100 жаңа тұлғасы».

Ұсынылған шығармашылық жобалар қоғамда идея табыстылығын, бәсекеге қабілеттілікті дәріптеуге және ақпараттық ілгерілетуге, прагматизмге табынуға және нақты адамдарды – Қазақстанның дамуына маңызды үлес қосқан замандастарын, өмір жолы мен табысы көпшілікке үлгі болатын адамдарды білуге бағытталуы тиіс.

Конкурса мектептен номинациялардың ішінен 1 жұмыстан көп емес қабылданады. Қазылар алқасы үшін әлеуметтік жоба қағаз түрінде (негізгі бет, жоба паспорты (қаріп - Times New Roman, қаріп өлшемі – 14), әзірлемелер, фотосуреттер, суреттер, газет қиындылары және т.б., өткізілген іс-шаралар және осы жобаға қатысқан оқушылар туралы ақпарат, қол жеткізген нәтижелердің талдауы ұсынылады.

Әлеуметтік жобаны ерікті нысанда, жалпы ұзақтығы 5 минутқа дейін (4 минут – жобаны қорғауға және 1 минут – қазылар алқасы мүшелерінің сұрақтарына жауап беру) міндетті визуалды сүйемелдеумен (презентациямен) қорғау керек.

4. Қатысушыларды марапаттау

4.1. Слет жеңімпаздары әр конкурста 1,2,3 деңгейлі дипломдармен және жүлделермен марапатталады.

Қосымша

«Адал ұрпақ» мектепшілік ерікті клубтарының қалалық слетінде
«Мен – өз елімнің патриотымын» сырттай суреттер конкурсына

қатысуға арналған

Өтінім

Мектеп атауы	Қатысушының Т.А.Ә. (толық)	Сынып	Қатысушының жасы	Басшының Т.А.Ә. (толық, қысқартпай), байланыс телефон нөмірі

«Адал Ұрпақ» мектепшілік ерікті клубтарының қалалық слетінде

«Біздің Қазақстан!» авторлық өлең конкурсына

қатысуға арналған

өтінім

Мектеп атауы	Қатысушының Т.А.Ә. (толық)	Сынып	Қатысушы ның жасы	Шығарманың атауы, сөз сөйлеу ұзақтығы	Топ, дуэттің атауы	Басшының Т.А.Ә. (толық, қысқартпай), байланыс телефон нөмірі

«Адал Ұрпақ» мектепшілік ерікті клубтарының қалалық слетінде

«Құқықтық Қазақстан!» әлеуметтік жобалар конкурсына

қатысуға арналған

өтінім

Мектеп атауы	Қатысушының Т.А.Ә. (толық)	Сынып	Номинация атауы	Сөз сөйлеу ұзақтығы	Басшының Т.А.Ә. (толық, қысқартпай), байланыс телефон нөмірі

